

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ТЕҢДІК ҚАҒИДАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ АЯСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ: ҒЫЛЫМИ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

А. ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ, Senior lecturer, Maqstun Narikbayev University Senior Lecturer, Конституциялық және саяси зерттеулер институтының зерттеушісі, (Астана қ., Қазақстан Республикасы), e-mail: kussaiynkyzy_aigerim@mnu.kz

Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген теңдік қағидаттары ұлттық гендерлік саясаттың нормативтік өзегіне айналды. Алайда құқықтық және институционалдық практикада бұл нормалардың толық жүзеге асуы әлі де кедергіге тап болуда. Мақалада конституциялық теңдік нормалары мен мемлекеттік саясат арасындағы алшақтықтың себеп-салдары талданып, халықаралық стандарттармен салыстыру негізінде проблемаларды еңсерудің тетіктері ұсынылады. Зерттеу құқықтық талдау мен салыстырмалы әдісті, сондай-ақ эмпирикалық деректерді қамтиды. Нәтижесінде формалды теңдік пен нақты орындалу арасындағы алшақтық анықталып, институционалдық жауапкершілікті күшейтуге бағытталған ұсыныстар әзірленді. Зерттеу конституциялық теңдік қағидаттары мен мемлекеттік гендерлік саясат арасындағы имплементациялық алшақтықты құқықтық-институционалдық тұрғыда кешенді диагностикалап, оны деректермен негіздейді. 2024 жылғы 23 шілдедегі Конституциялық Соттың № 49-НП қаулысы «теріс міндеттемелерден» «оң міндеттемелер» парадигмасына өтудің құқықтық прецеденті ретінде қайта қаралып, ұлттық көрсеткіштер ЭБІДҰ мен БҰҰ индикаторларымен салыстырылады. Сонымен қатар, міндетті Gender Impact Assessment (GIA) мен бірыңғай гендерлік деректер реестрін институционалдандырудың нормативтік моделі ұсынылады.

Зерттеу пәні: мақалада Қазақстан Республикасындағы конституциялық теңдік қағидаттары мен олардың мемлекеттік гендерлік саясат аясында жүзеге асырылуының құқықтық және практикалық аспектілері талданады. Зерттеу пәні – гендерлік теңдік нормаларының заңнамалық бекітілуі мен іс жүзіндегі қолданылу механизмі арасындағы сәйкестік және алшақтық.

Зерттеу мақсаты: Қазақстандағы конституциялық теңдік қағидаттарының мемлекеттік гендерлік саясат шеңберіндегі жүзеге асырылу деңгейін бағалау, проблемалық аспектілерді айқындау және тәжірибе негізінде ұсыныстар ұсыну.

Зерттеу жаңалығы: Зерттеу конституциялық теңдік қағидаттары мен мемлекеттік гендерлік саясат арасындағы имплементациялық алшақтықты құқықтық-институционалдық тұрғыда кешенді қарастырып, 2024 жылғы 23 шілдедегі Конституциялық Соттың № 49-НП қаулысы «теріс міндеттемелерден» «оң міндеттемелер» парадигмасына өтудің құқықтық прецеденті ретінде қайта бағалауға мүмкіндік береді және ұлттық көрсеткіш ЭБІДҰ мен БҰҰ индикаторларымен салыстырылады. Сонымен қатар, міндетті Gender Impact Assessment (GIA) мен бірыңғай гендерлік деректер реестрін институционалдандырудың нормативтік моделі ұсынылады.

Негізгі қорытындылар: Нормалардың жеткіліктілігіне қарамастан, институционалдық жауапкершіліктің әлсіздігі, мониторингтің бытыраңқылығы және әлеуметтік-мәдени тосқауылдар де-факто теңдікке қол жеткізуді шектейді, жүргізілген реформалардың әсері тек фрагменттік сипатта қалып отыр. Тұрақты ігерілеу үшін кешенді антидискриминациялық заң қабылдау, GIA-ны міндеттеу, бірыңғай гендерлік деректер реестрін қалыптастыру, құқық қорғау және сот органдарына арналған мақсатты оқыту бағдарламаларын енгізу, сондай-ақ арнайы құқықтық тетіктерді бекіту қажет.

Түйінді сөздер: конституциялық құқық, гендерлік теңдік, мемлекеттік саясат, құқықтық механизмдер, дискриминация, құқықтық формализм, құқықтық трансплантация, институционалдық жауапкершілік, халықаралық стандарттар, гендерлік индикаторлар.

Кіріспе

Теңдік қағидаты қоғамдағы барлық азаматтардың құқықтар мен міндеттер тұрғысынан тең дәрежеде қаралуын қамтамасыз етудің негізгі ұстанымы. Арнайы назар аудару қажет гендерлік теңдік мәселесі бүгінгі күнде ерекше өзектілікке ие, себебі ол әділетті және тұрақты қоғамды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Гендерлік теңдік – құқықтық мемлекет пен демократиялық институттардың орнықтылығының өлшемі.

Бұл мақалада Қазақстандағы конституциялық теңдік қағидаттарының мазмұны, олардың гендерлік саясатқа ықпалы, сондай-ақ нақты мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамалық актілер арқылы жүзеге асырылуының теориялық және практикалық аспектілері қарастырылады.

Әйелдерге қатысты кемсітушілік теңсіздіктің ең кең тараған нысаны болып қала береді. Ресми деректер жалақыдағы гендерлік алшақтықтың, кәсіптік және тік сегрегацияның, өндірістік әрі отбасылық міндеттерді үйлестірудегі қиындықтардың, қысқартылған жұмыс уақытымен, уақытша және бейресми жұмыспен қамтумен әйелдердің артық шоғырлануының, сондай-ақ ана болуға немесе отбасылық мәртебесіне байланысты кемсітудің заңнамалық та, бағдарламалық та бастамаларға қарамастан әлі де сақталып отырғанын дәлелдейді.

Конституциялық теңдік идеясы бір қарағанда заңнамада жүзеге асқандай көрінгенімен, шын мәнінде құқықтар мен мүмкіндіктердің теңдігін нақты кепілдейтін нормалар жеткіліксіз. Тікелей гендерлік дискриминация жасайтын ережелер болмағанымен, арнайы гендерлік сараптама жүргізілмегендіктен, қолданыстағы бірқатар заңдарда астарлы кемсітушілік сақталып отыр. Мәселен, ата-ана болуына байланысты берілетін жеңілдіктер еңбек, әлеуметтік және отбасы заңнамасында көбіне әйелдерге ғана қарастырылып, дәлелсіз түрде ерлерді осындай құқықтардан айырды. Гендерлік кемсітушілікке қатысты даулар бойынша сот практикасының қалыптаспай келуі – тең құқықтық кепілдіктердің іс жүзінде пәрменсіз екенін айғақтайды. Демек, гендерлік теңдік пен дискриминацияны жою мәселелерін отандық ғылымда кешеңді зерттеу аса өзекті, өйткені гендерлік құндылықтарды ілгерілету тәжірибесі әлі де қанағаттанарлық деңгейге жеткен жоқ.

Әйелдердің сайлау құқығы мен сайлану құқығы Қазақстан аумағында алғаш рет 1924 жылы кеңестік билік тұсында заңдық тұрғыдан бекітілді, ал тәуелсіз Қазақстанның 1993 жылғы алғашқы Конституциясында бұл құқық конституциялық деңгейде қайта расталды. 1990 жылы Парламентке тұңғыш әйел депутат сайланды [1].

Коммунистік кезеңдегі формальды гендерлік теңдікке қарамастан, қазақ қоғамында дәстүрлі патриархалдық құндылықтар мен гендерлік стереотиптер астарлы түрде сақталып, елдің демократиялық трансформациясынан кейін де әлеуметтік-экономикалық және саяси теңдікке, сондай-ақ әйелдердің толыққанды қатысуына кедергі келтіріп отыр.

Қазақстан Орталық Азияда гендерлік теңдікке жәрдемдесетін ұлттық орган құрған алғашқы мемлекеттердің бірі болды – бұл Президент жанындағы Әйелдер, отбасы және демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциясы барлық азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының теңдігін қамтамасыз етіп, жыныстық белгі бойынша кемсітушілікті тыйым салады [2].

2025 жылы Қазақстан гендерлік теңдік жөніндегі жаһандық рейтингте 2024 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 16 позицияға төмендеп, 146 мемлекеттің ішінен 92-орынға табан тіреді. 2006 жылы ел 32-орында, 2014 жылы – 43-орында, 2015 жылы – 47-орында, 2017 жылы – 52-орында болған еді [3]. Осылайша, соңғы онжылдыққа халықаралық сарапшылардың Қазақстанға берген бағасы жүйелі түрде төмендеп келеді.

Бұл теріс динамика сырт көзге жағымды реформалар аясында орын алып отыр. 2009 жылы Парламент «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» екі маңызды заңды қабылдады, 2006–2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы да іске асырылды, 2016 жылы 2030 жылға дейінгі Отбасы және гендерлік саясат тұжырымдамасы қабылданды. Алайда регресс

себептері арнайы зерттеулердің назарынан тыс қалды. Іс жүзінде, 16 жылға созылған мемлекеттік гендерлік саясат стратегияларының көптеген жоспарлы элементтері ішінара ғана орындалды; бұған көрсеткіштерді таңдаудағы біржақтылық пен қол жеткізілген нәтижелерді бағалауға арналған институционалдық әлеуеттің жеткіліксіздігі ықпал етті. Стратегиялық шаралар мен алынған индикаторлар арасындағы себеп-салдарлық байланыстар түзілмегендіктен, қабылданған шаралардың тиімділігін бағалау мүмкін болмады.

2021 жылы Еңбек кодексіне енгізілген түзетулер нәтижесінде әйелдердің еңбегін шектейтін кәсіптер тізімі толығымен жойылды, бұл еңбек нарығында гендерлік шектеулерді ресми түрде жоюдың маңызды қадамы болды [4]. 2022 жылы Сайлау туралы заңға өзгерістер енгізіліп, саяси партиялар кандидаттар тізімін жасақтағанда мүгедектігі бар азаматтарды, әйелдерді және жастарды кемінде 30 пайыздық квотамен қамту талабы бекітілді [5]. 2023 жылы қабылданған қылмыстық іс жүргізу, жазаларды орындау және азаптаулардың алдын алу саласындағы өзгерістер отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты күшейтті [6, 5-бет].

Сол жылы күшіне енген Әлеуметтік кодекс әлеуметтік қызметтер жүйесін түбегейлі жаңғыртып, арнайы әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыруды міндеттеді. Бұған қоса, денсаулық сақтау, білім беру және жұмыспен қамту салаларындағы бірқатар құқықтық актілер азаматтардың, соның ішінде әйелдердің, өмір сапасын көтеруге бағытталып қабылданды.

2023 жылы Қазақстанда бірқатар конституциялық заңдар күшіне енді: «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» заң, «Прокуратура туралы» заң және «Конституциялық Сот туралы» заң. Бұл актілер азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтірудің және олардың бұзылуының алдын алудың жаңа тетіктерін айқындады.

«Қазақстан–2050» даму стратегиясы гендерлік дискриминацияның алдын алуға және әйелдер мен ерлер үшін тең құқықтар мен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге негізделген. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы жүзеге асырылып, мемлекет пен халық арасындағы тиімді коммуникацияны нығайту және азаматтардың басқару үдерістеріне қатысуын арттыру көзделуде.

Заңнамалық және стратегиялық бастамалардың барлығы ерлер мен әйелдер арасындағы нақты әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған. Мемлекет басшысы мен Үкімет әйелдер мен балаларға қарсы зорлық-зомбылық үшін жазаны қатаңдатуға және отбасылық тұрмыстағы зорлықтың алдын алуға басымдық беріп отыр.

Стратегиялық құжаттарды іске асыру әдіснамасы қысқа мерзімде нақты нәтижеге қол жеткізетін қадамдар мен шараларды көздемейді, қолданыстағы заңнаманы талдап, гендерлік теңсіздіктерді түзеу қажеттігін нақты мәселе ретінде қоймайды. Мемлекеттік бағдарламалар мен тұжырымдамаларды жүзеге асыру барысында «гендерлік кемсітушілікке тыйым салынған» деген ұстаным басымдыққа ие, алайда Қазақстанның патриархалдық қоғамында гендерлік стереотиптер мен орныққан әлеуметтік нормаларды еңсеру әлі күнге дейін өзекті.

Қазақстандағы әйелдер мен ерлердің тең құқықтарын қамтамасыз ету ахуалында формальды кемсітушілікке қарсы саясат, мемлекеттік әрі қоғамдық өмірдегі гендерлік теңсіздік және Конституцияда көзделген «ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері» қағидасын іске асыру арасындағы терең қайшылық бар екендігін мойындау қажет. Формальды теңдікке қол жеткізудің алғашқы қадамы ретінде ерлер мен әйелдердің құқықтары мен міндеттерін барынша бейтараптандыратын заңнамалық нормалар жиынтығы әзірленуі тиіс. Сонымен қатар, шынайы теңдік заңнаманың ықпалымен және оның нақты орындалуымен, яғни гендерлік теңдік, тең мүмкіндіктер және барлық кедергілерді бейтараптандыруды іс жүзінде қамтамасыз етумен тікелей байланысты.

Жалақыдағы гендерлік алшақтық пен әлеуметтік қорғау саласындағы гендерлік кемсітушілік тек әйелдердің құқықтарының бұзылуын ғана білдірмейді, сонымен қатар ерлердің құқықтарының да шектелуін қамтиды. Әйелдердің әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қамтамасыз ету мәселесі үнемі мемлекет пен азаматтық қоғамның назарында тұрғанымен, ерлерге қатысты кемсітушілік, қағида бойынша, еленбей келеді әрі ашық талқыланбайды. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі мен әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнамасына жүргізілген гендерлік сараптама жұмыс беруші бастамасы бойынша еңбек шартын бұзуды шектеу, қалыптан тыс

жағдайлардағы еңбек, сондай-ақ бала тууына байланысты әлеуметтік демалыс беру сияқты бірқатар кепілдіктердің ер жұмысшылардың құқықтарын тарытатынын көрсетеді.

Сондықтан жаңа заңдар әзірлеу мен қабылдау гендерлік теңдікті толық қамтамасыз етуге жеткіліксіз; бұл мақсатқа жету үшін қоғамның гендерлік тепе-теңдіктің құндылығын мойындауына негізделген мәдени және әлеуметтік трансформация қажет. Аналитикалық шолулар да осы ойды түйіндеп көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Мақала Қазақстандағы гендерлік теңдік мәселелеріне арналған арнайы ғылыми зерттеулер мен жобалардың нәтижелерін талдауға негізделген. Онда ұлттық заңнама нормалары, нормативтік-құқықтық актілер, ресми статистика деректері, сондай-ақ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) дайындаған елдік шолулардың қорытындылары жинақталған. Бұған қоса, сот статистикасы, қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тарту динамикасы туралы мәліметтер, сондай-ақ гендерлік теңдікті бағалау және заманауи қазақстандық отбасының жағдайын қамтыған арнайы жобалық зерттеулердің нәтижелерін пайдаланылған. Талдау жүргізу барысында мүмкін болған жағдайда Қазақстан тәжірибесі ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесімен салыстырылды. Сондай-ақ Дүниежүзілік банк, Азия даму банкі, ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары бюросы (ODIHR), ЮНИСЕФ, ЭЫДҰ және Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі БҰҰ комитетінің есептері қамтылды. Зерттеудің дереккөздері ретінде төмендегілер қарастырылды: демография, әлеуметтік-экономикалық даму және адам әлеуеті жөніндегі ұлттық статистика, сондай-ақ гендерлік теңдік көрсеткіштері, халықаралық және өңірлік салыстырмалы индикаторлар; гендерлік теңдікке қатысты заңдар, саясаттар, стратегиялар мен бағдарламалар; гендерлік мәселелер бойынша зерттеулер, шолулар, озық тәжірибелер және кейс-материалдар; Қазақстан соттарының қылмыстық, әкімшілік және азаматтық істерді қарау жөніндегі есептері.

Нәтижелер және талқылау

1992-2020 жж. аралығында Қазақстанда қорғалған диссертациялық зерттеулерге жүргізілген шолу гендерлік теңдік тақырыбының отандық ғылым кеңістігінде шектеулі көрініс тапқанын айғақтайды. Жалпы ғылыми салалардың бәрінде 25 506 диссертация қорғалғанымен, гендерлік нормалар, стереотиптер, еңбек пен өкілділік – барлығы 50 жұмыс қана (0,2 %) осы мәселелерге арналды. Оның ішінде философия ғылымдарынан – 4 кандидаттық, 2 докторлық; филологиядан – 11 кандидаттық, 1 докторлық; социологиядан – 4 кандидаттық, 3 докторлық; саясаттанудан – 5 кандидаттық, 1 докторлық; экономикадан – 5 кандидаттық; тарихтан – 2 кандидаттық, 1 докторлық; психология, мәдениеттану, тарих-педагогика салаларынан бірлі-жарым еңбектер ғана бар. Бұған қоса, өнертану, гендерлік психология мен социология бойынша бір-бірден PhD диссертация қорғалған [7, 128-бет]

Ең өкілетті кемшіліктің бірі – тәуелсіздік кезеңінде гендерлік теңдікті құқықтық реттеуге, заңнамалық кедергілерді жоюға арналған арнайы заңгерлік диссертацияның мүлдем болмауы. Бұл жайт әлеуметтік-гуманитарлық ғылымда, әсіресе құқық саласында гендерлік зерттеулердің мардымсыз танымал екендігін көрсетеді. 1990-жылдардың соңы мен 2000-жылдардың басында әйелдердің құқықтарын қорғау мен гендерлік теңдік тақырыптары белсенді зерттелгенімен, 2000-жылдардың ортасынан бастап мұндай зерттеулердің саны күрт азайған. Мұның себептері ретінде салалық заңнаманың жүйелі жаңғыруы, гендерлік теңгерімді көздейтін мемлекеттік бағдарламалардың іске асуы және Қазақстанның халықаралық рейтингілердегі (әсіресе, бастапқы кезеңдегі) салыстырмалы табыстары аталады. Алайда соңғы он бес жылда бұл көрсеткіштер әлсіреп, ЭЫДҰ стандартына ұмтыла аясында гендерлік зерттеулердің жаңа толқынын жандандыру өзекті міндетке айналды.

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше елдердің прогресін өлшеу және салыстыру үшін қолданылатын халықаралық индикаторлар аясында гендерлік теңдікке қол жеткізуге ұмтылады. БҰҰ Даму бағдарламасының (ПРООН) 2021–2022 жылдарға арналған Адам дамуы туралы жыл сайынғы есебіндегі Гендерлік даму индексі бойынша Қазақстан ерлер мен әйелдер арасындағы адам дамуы жетістіктерінің теңдігі өте жоғары елдердің 1-тобына енді [8].

Қазақстан 2022–2024 жылдары аралығында БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесіне мүше болып, гендерлік теңдік пен әйелдердің құқығын кеңейту күн тәртібіндегі негізгі басымдықтардың

бірі болды [9]. 2023 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі болып белгіленді. Сол жылы аталған министрліктің Жастар және отбасы істері комитеті жанынан гендерлік саясатты үйлестіру басқармасы құрылды [10, 71-бет].

2009 жылдың 8 желтоқсанында қабылданған «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасы Заңында жыныстық белгісіне қарай кемсітудің анықтамасы берілген еді. Мемлекет әйелдерге сот қорғауына жүгіну құқығы мен мүмкіндігін кепілдендірген болатын. Жыныстық белгісіне қарай кемсітуді қоса алғанда, кез келген дискриминация үшін қыламыстық жауаптылық (ҚК-нің 145-бабы) көзделді [11]. Сондай-ақ қыламыстық, әкімшілік және азаматтық сот ісін жүргізу барысында ешкім де, оның ішінде жынысына байланысты, кемсітушілікке ұшырамауы тиіс.

2006 жылдан басталған он жылдық Гендерлік теңдік стратегиясы 2016 жылы аяқталғанымен, 2017 жылдан бері әйелдердің саяси шешім қабылдау деңгейіне қатысуын арттыруға бағытталған пәрменді ұлттық жоспар қабылданбады.

2022 жылы 2030 жылға дейінгі Отбасы және гендерлік саясат тұжырымдамасы қайта қаралып, оны іске асырудың жаңартылған іс-қимыл жоспары бекітілді [12].

Құжат елдің қол жеткізген нәтижелерін де, шешімін қажет ететін түйткілдерін де қамтиды. Тұжырымдама мен оның іс-қимыл жоспарында гендерлік саясаттың ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді көрсеткіштері айқындалды; атап айтқанда, 6-бөлімде тоғыз нақты нысаналы индикатор және күтілетін нәтижелер көрсетілді.

Қайта қаралған «Отбасы және гендерлік саясат тұжырымдамасының» шеңберінде ерлер мен әйелдер арасындағы теңдікті жеделдетуге бағытталған уақытша арнаулы шаралар бекітілген болатын. Жоспарға сәйкес, 2030 жылға дейінгі кезеңде:

- әйелдер мен ерлердің орташа жалақы айырмасы 21,0 %-ға дейін қысқарып, материалдық активтерге (жылжымайтын мүлік, тұрғын үй, көлік, жеке кәсіп) ие әйелдердің үлесі 10 %-ға артуы,

- атқарушы, өкілетті және сот билігі мен мемлекеттік, квазимемлекеттік әрі корпоративтік секторлардың шешім қабылдау деңгейіндегі әйелдер үлесі 30 %-ға жетуі,

- ал бейбітшілік пен қауіпсіздік бағытындағы операцияларда әйелдердің қатысуы 10 %-ды құрауы тиіс.

Бұған қоса, 2020 жылы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» және «Саяси партиялар туралы» заңдарға енгізілген түзетулер партиялық тізімдерді қалыптастыру кезінде әйелдер мен жастардың кемінде 30 %-дық өкілдігін қамтамасыз ету талабын енгізген еді. Кейін, 2022 жылғы 7 ақпанда қабылданған заң мандаттарды бөлу барысында мүмкіндігі шектеулі азаматтар, әйелдер және жастар үшін 30 %-дық квотаны бекітті; құжат 19 ақпанда күшіне енді [5]. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – өкілетті билік құрылымдарында аталған әлеуметтік топтардың институционалдық қатысуын нығайтып, олардың көзқарастары мен мүдделерін мемлекеттік шешімдер қабылдау үдерісіне толыққанды енгізу болды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 70–72-тармақтарына сәйкес, Тұжырымдаманы іске асыру мониторингі жыл сайын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган арқылы жүргізіліп отырады. Тұжырымдаманың орындалу туралы есебі әр жылы тиісті мемлекеттік органның интернет-ресурсында жарияланады. Оған қоса, Тұжырымдаманы жүзеге асыру барысы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның отырыстарында қарастырылып, талқылауға үкіметтік емес ұйымдар өкілдері де қатысады [13].

Қазақстан Республикасында барлық қоғамдық қатынастар саласында жынысына қарай кемсітуді қатаң тыйым салатын құқықтық режим орнықты; әйелдер мен ерлердің құқықтары мен міндеттері Конституция деңгейінде тең дәрежеде бекітілген. Сонымен қатар, Қыламыстық кодекстің 54-бабы 1-тармағы 7) тармақшасына сәйкес, қасақана құқық бұзушылықты жүктілік жағдайындағы әйелге қарсы жасау – жауаптылық пен жаза шарасын ауырлататын мән-жай ретінде айқындалған.

Дискриминацияның, соның ішінде жыныстық белгі бойынша кемсітудің кез келген фактісі бойынша шағым жолдау және оны қараудың тиімді тетіктері заңнамалық түрде бекітілген: азаматтар өздерінің бұзылған не дауланатын құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін соттарға жүгіне алады; ұлттық адам құқықтары институттарына, прокуратура органдарына және өзге де уәкілетті құрылымдарға өтініш білдіруге құқылы.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің деректері бойынша 2020–2023 жылдар аралығында сот органдарына әйелдерден 513 499 талап-арыз бен өтініш түскен (2020 ж. – 134 898; 2021 ж. – 150 682; 2022 ж. – 154 967; 2023 ж. бірінші жартыжылдығында – 72 952). Бұл көрсеткіш әйелдердің сот әділдігіне қолжетімділігі артқанын дәлелдейді [14].

Әйелдерді кемсітуден қорғау мәселелеріне арналған «Әйелдерге арналған құқықтық көмек» айдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ресми сайтында іске қосылып, мұнда тиісті заңнаманың түсіндірмелері мен сот актілері жарияланады [15]. Сол сияқты, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның интернет-ресурсында да әйел құқықтарын қорғауға қатысты материалдар тұрақты түрде жария етіледі. Ақыры, кез келген тұлға өз құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда Адам құқықтары жөніндегі уәкілге (Омбудсменге) де тікелей жүгінуге құқылы, бұл – ұлттық құқық қорғау тетігінің ажырамас бөлігі.

2024 жылғы 23 шілдеде қабылданған Конституциялық Соттың № 49-НП нормативтік қаулысы Қазақстанның гендерлік юриспруденциясында сапалық серпіліс жасады. Сот «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 91-бап 2-тармақ 11) тармақшасын Конституцияның 14-бабында көзделген кемсітпеу қағидасына қайшы деп танып, некеде тұрмайтын ер азаматтарға бала асырап алуға салынған шектеуді алып тастау жөнінде Үкіметке заңнамалық өзгерістер енгізуді міндеттеді [16].

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстің 91-бабы 2-тармағы 11) тармақшасы некеде тұрмайтын ер азаматтарға бала асырап алу құқығын шектеп, мұндай тыйымды әйелдерге қолданбаған [17]. Өтініш білдіруші бұл норманы Конституцияның 14-бабында бекітілген кемсітпеу қағидасын бұзады деп көрсетіп, жыныстық белгі бойынша тең емес қатынас қалыптастыратынын дәлелдеді.

1979 жылғы Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның 16-бабы 1-тармағы f) тармақшасына сәйкес, мемлекеттер әйелдер мен ерлерге қамқоршы, қорғаншы, сенімгер, бала асырап алушы (асырап алушы) болу құқығы мен міндетін тең дәрежеде қамтамасыз етуі тиіс, әрі барлық жағдайда баланың мүддесі басымды қағида болып қала береді. [18]. Мәселен, сот бала асырап алу туралы өтінішті қараған кезде баланың үміткермен қалыптасқан эмоционалдық байланысын, бірге тұру және араласу ұзақтығын ескеруі керек.

Конституцияның 14 және 27-баптарын, сондай-ақ халықаралық міндеттемелерін негізге ала отырып, Парламент 2009 жылдың 8 желтоқсанында «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заңды қабылдады. Заңның 11-бабында гендерлік теңдік төмендегі тетіктер арқылы қамтамасыз етілетіні нақтыланған:

-отбасы беделін көтеру, неке-отбасы қатынастарын нығайту және отбасылық құндылықтарды насихаттау;

-балаларды тәрбиелеу ісінде әйелдер мен ерлердің жауапкершілігін тең бөлу;

-отбасының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған әлеуметтік саясат жүргізу.

Конституциялық Соттың пайымдауынша, балаларды тәрбиелеу саласында ерлер мен әйелдердің теңдігін қатаң сақтай отырып, басты назар баланың құқықтары мен мүдделерін қорғауға аударылуы керек. Сондықтан заңнамалық тетіктер, ең алдымен, тіркелген некеде тұрған және отбасылы ерлі-зайыптыларға бірдей жағдай жасау арқылы бала асырап алуды қолдауға бағытталуға тиіс, өйткені мұндай тәсіл баланың қамы мен игілігін барынша толық қамтамасыз етеді.

Нәтижесінде, Сот аталған тармақшаны «Конституцияға сәйкес емес» деп танып, Үкіметке бала асырап алу институтын қайта қарастырып, заң жобасын Мәжіліске енгізуді міндеттеді. Сонымен қатар, Соттың қаулысында «баланың мүдделері» басымдық екені атап өтілді: асырап алу құқығын жүзеге асыруда ерлі-зайыптылардан құралған отбасыларды қолдау тиімдірек болғанымен, мұндай қолдау «әйелдер мен ерлерге тең дәрежеде» қолданылуға тиіс.

Бұл шешім, біріншіден, гендерлік теңдікті “теріс” емес, “оң” міндет ретінде қайта түсіндірі: мемлекет тек дискриминацияны болдырмаумен шектелмей, тең құқықтар мен мүмкіндіктерді белсенді түрде қамтамасыз етуі тиіс.

Екіншіден, Сот 1979 ж. Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның мен 1989 ж. Бала құқықтары туралы конвенция ережелерін тікелей қолдана отырып, халықаралық құқықтың ішкі құқықтық жүйеде үстемдігін тағы да айқындады.

Үшіншіден, 2009 ж. «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Заңға сілтеме жасау арқылы норманың ұлттық құқықтық негізбен сабақтастығын көрсетті.

Қорытынды

Қазақстандағы конституциялық теңдік қағидаттары қазіргі мемлекеттік гендерлік саясаттың негізін қалағанымен, олардың нақты іске асырылуы жеткіліксіз. Құқықтық механизмдерді институционалдық күшейту, мониторинг құралдарын дамыту және азаматтық қоғаммен тұрақты диалог орнату – бұл қағидатты өмірлік практикаға айналдырудың негізгі тетіктері. Гендерлік теңдіктің шынайы жүзеге асуы үшін тек заң қабылдау жеткіліксіз, оны орындауға кепілдік беретін тиімді тетіктер мен саяси ерік қажет.

Заңнамадан гендерлік асимметрияға ие нормаларды анықтау жынысқа тікелей сілтеме жасайтын құқықтар, міндеттер немесе заңды мінез-құлық кепілдіктерін өзектейтін ережелерді жай ғана механикалық түрде іздеп, бейтараптандырумен шектелмейтін әлдеқайда терең әрі күрделі қызмет. Бұл – әрбір құқықтық норманы тиісті құқықтық қатынастарды модельдеу тұрғысынан сыни талдауды және оны ер адам мен әйелдің жүзеге асыруы барысында туындайтын проблемаларды айқындауды қамтиды. Заң мәтінінен жынысқа қатысты барлық сілтемелерді алып тастау жеткіліксіз, өйткені гендерді атау – дискриминациялық норманың маңызды, бірақ жалғыз көрсеткіші емес.

Қазақстанда жалпы сипаттағы кемсітушілікке тыйым салатын арнайы заң жоқ, сондай-ақ әкімшілік немесе қылмыстық заңнамадағы барлық нормалар әйелдерге қатысты қудалау мен сексуалдық қудалаудың әр алуан түрлерін толық қамтиды деп айту қиын. Кейбір әрекеттер үшін жаза құқықбұзушылықтың қоғамдық қауіптілігіне сәйкес келмейді немесе жәбірленушілер полицияға жүгінгенімен, істер сотқа дейін жетпей қалады. Қолданыстағы құқықта «сталкинг» ұғымы енді енгізіліп жатса, тиісінше статистика да, мұндай қылмыстарды жасаған тұлғалардың бірыңғай тізілімі де жүргізілмейді.

Ал бұл құқықбұзушылардың профилін айқындап, ауыр қылмыстардың алдын алу үшін маңызды. Қазіргі жағдайда сексуалдандырылған қудалау ұсақ бұзақылық ретінде әкімшілік жауаптылыққа тартылады.

Дегенмен, «ұсақ бұзақылық» бабы шеңберінде, мысалы, көшеде түкірген әрекет пен әйелді мазалауды теңестіріп қарау құқықтық реттеудің ақпараттық және превентивтік мәнін төмендетеді. Сондықтан қудалау мен зорлық-зомбылық фактілерін дәйекті тіркеп, агрессорлардың жеке істерінде олардың бұрынғы зорлық әрекеттерінің тарихын көрсету қажет. Мұндай жүйені прокуратура, Ішкі істер министрлігі, Жоғарғы сот, сондай-ақ депутаттар мен практик-заңгерлердің қатысуымен белсенді оқу-жаттығу іс-шараларын өткізіп, үйлестірмей іске асыру мүмкін емес.

Мәселенің тағы бір қыры аймақтар бойынша жәбірленушілерге сапалы құқықтық көмек көрсететін білікті адвокаттар пулының жетіспеушілігі. Соның салдарынан әйелдер көп жағдайда құқықтық қолдаусыз қалып, қудалау мен сталкинг деректері ресми түрде өте сирек тіркеледі. Осынау кемшіліктерді еңсеру үшін жан-жақты құқықтық реформа мен кадрлық әлеуетті нығайту, сондай-ақ құқық қорғау органдары мен азаматтық қоғам арасында жүйелі өзара іс-қимыл орнату қажет.

Қазақстандағы конституциялық теңдік қағидаттары кешенді құқықтық база арқылы қалыптасқанымен, формалды нормалар мен нақты нәтижелер арасындағы «орындау алшақтығы» айқын сезіледі. Зерттеу институционалдық жауапкершіліктің әлсіздігі, дерек-мониторинг жүйесінің бытыраңқылығы және әлеуметтік-мәдени тосқауылдар (патриархалдық стереотиптер, гендерлік рөлдердің күшеюі) гендерлік теңдіктің толық жүзеге асуына басты кедергі екенін көрсетті. 2025 ж. Жаһандық гендерлік алшақтық индексіндегі 92-орын мен 2024 ж. Конституциялық Сот прецеденті бұл қарама-қайшылықты дәлелдейді.

Анализ нәтижесі көрсеткендей, Қазақстанда формалды теңдік нормалары заң жүзінде жеткілікті деңгейде бекітілген, алайда олардың іс жүзінде қолданылу тиімділігі төмен. Гендерлік саясатта институционалдық және құқықтық тетіктердің арасындағы алшақтық сақталып отыр. Еңбек нарығында жыныстық дискриминация, әйелдер еңбегінің төмен бағалануы, әлеуметтік қорғауға тең қолжетімділіктің болмауы – бұл теңдік қағидатының толық орындалмауының негізгі индикаторлары. Сонымен қатар, әйелдердің саяси шешім қабылдау деңгейіндегі өкілдігі жеткіліксіз күйде

қалып отыр. Мемлекеттік квота саясаты оң өзгеріс беріп жатқанына қарамастан, бұл тек сандық көрсеткіштермен шектеліп отыр.

Конституциялық нормалар мен нақты саясат арасындағы алшақтықтар:

-Мониторинг құралдарының әлсіздігі – гендерлік индикаторлар бойынша бірыңғай дерекқор жоқ.

-Әлеуметтік-мәдени тосқауылдар – патриархат жорамалдары құқықтық нормалардың орындалуына кедергі.

А. Құсайынқызы, Senior lecturer, исследователь Института конституционных и политических исследований Maqсут Narikbayev University (Республика Казахстан, г. Астана): Принципы конституционного равенства и их реализация в рамках государственной гендерной политики: научный анализ и практические аспекты.

Принцип равенства, закреплённый в Конституции Республики Казахстан, стал нормативным ядром национальной гендерной политики. Однако в правоприменительной и институциональной практике его полноценная реализация по-прежнему сталкивается с препятствиями. В статье анализируются причины и последствия разрыва между конституционными нормами равенства и государственной политикой; предлагаются механизмы преодоления этих проблем на основе сравнения с международными стандартами. Методология включает юридический и сравнительный анализ, а также эмпирические данные. В результате выявлено несоответствие между формальным равенством и фактическим исполнением, сформулированы рекомендации по усилению институциональной ответственности. Проводится комплексная правово-институциональная диагностика и картирование «имплементационного разрыва» между конституционным принципом равенства и государственной гендерной политикой. Постановление Конституционного Суда от 23.07.2024 № 49-НП переосмысливается как сдвиг к парадигме позитивных обязательств и осуществляется триангуляция национальных показателей с индикаторами ОЭСР/ООН. Предлагается нормативная архитектура обязательной гендерной оценки воздействия (GIA) и единого реестра гендерных данных как инфраструктуры доказательной политики.

Предмет исследования: правовые и практические аспекты реализации принципов конституционного равенства в рамках государственной гендерной политики Республики Казахстан; согласованность между законодательным закреплением гендерного равенства и механизмами его применения на практике.

Цель исследования: оценить уровень реализации конституционных принципов равенства в государственной гендерной политике Казахстана, выявить проблемные аспекты и представить рекомендации, основанные на практическом опыте.

Новизна исследования: Проводится комплексная правово-институциональная диагностика и картирование «имплементационного разрыва» между конституционным принципом равенства и государственной гендерной политикой. Постановление Конституционного Суда от 23.07.2024 № 49-НП переосмысливается как сдвиг к парадигме позитивных обязательств, осуществляется триангуляция национальных показателей с индикаторами ОЭСР/ООН. Предлагается нормативная архитектура обязательной гендерной оценки воздействия (GIA) и единого реестра гендерных данных как инфраструктуры доказательной политики.

Основные выводы: При развитости норм слабая институциональная ответственность, фрагментарный мониторинг и социокультурные барьеры ограничивают де-факто равенство, и эффект недавних реформ остается частичным. Для устойчивого прогресса необходим «омнибус»-закон о недискриминации, обязательная GIA, единый реестр данных, целевое обучение правоохранителей и судей, а также специальные механизмы.

Ключевые слова: конституционное право, гендерное равенство, государственная политика, правовые механизмы, дискриминация, юридический формализм, правовая трансплантация, институциональная ответственность, международные стандарты, гендерные индикаторы.

A. Kussaiynkyzy, Senior Lecturer, Researcher at the Institute for Constitutional and Political Studies Maqсут Narikbayev University (Astana, Republic of Kazakhstan): Principles of constitutional equality and their implementation in the framework of State gender policy: scientific analysis and practical aspects.

The equality principles enshrined in the Constitution of the Republic of Kazakhstan form the normative core of the national gender policy. Yet their full implementation continues to face legal and institutional barriers. This article explores the causes and implications of the gap between constitutional equality norms and state policy, offering mechanisms to overcome these issues through comparison with international standards. The methodology combines legal and comparative analysis with empirical data. The findings reveal a divergence between formal equality and actual enforcement, leading to recommendations aimed at strengthening institutional accountability. The study conducts a comprehensive legal-institutional diagnosis and mapping of the “implementation gap” between constitutional equality and state gender policy; it reinterprets the 23 July 2024 Constitutional Court decision No. 49-NP as a shift toward a positive-obligations paradigm; and it triangulates national metrics with OECD/UN indicators. It proposes a normative architecture for mandatory Gender Impact Assessment (GIA) and a unified gender-data registry as core evidence infrastructure.

Scope of the study: legal and practical dimensions of implementing constitutional equality principles within Kazakhstan’s state gender policy; the alignment (or lack thereof) between statutory gender-equality provisions and their practical enforcement mechanisms.

Research objective: to assess the extent to which Kazakhstan’s constitutional equality principles are realised in state gender policy, identify problem areas, and propose evidence-based recommendations.

Novelty: The study conducts a comprehensive legal-institutional diagnosis and mapping of the “implementation gap” between constitutional equality and state gender policy; it reinterprets the 23 July 2024 Constitutional Court decision No. 49-NP as a shift toward a positive-obligations paradigm; and it triangulates national metrics with OECD/UN indicators. It proposes a normative architecture for mandatory Gender Impact Assessment (GIA) and a unified gender-data registry as core evidence infrastructure.

Main findings: Despite robust norms, weak institutional accountability, fragmented monitoring, and socio-cultural barriers constrain de facto equality, the impact of recent reforms remains partial. Sustainable progress requires an omnibus anti-discrimination law, mandatory GIA, a unified data registry, targeted training for law-enforcement and the judiciary, and dedicated legal tools.

Keywords: constitutional law, gender equality, public policy, legal mechanisms, discrimination, legal formalism, legal transplantation, institutional accountability, international standards, gender indicators.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Equal Future. Kazakhstan: Women’s representation in politics and public administration. Қолжетімділігі алынған күні 1 тамыз 2025 ж. URL: <https://www.equalfuture-eurasia.org/womens-representation-in-politics-and-public-administration/kazakhstan> (17.08.2025).

2. UN Women. Қазақстан | UN Women – Europe and Central Asia. UN Women. URL: <https://eca.unwomen.org/ru/where-we-are/kazakhstan> (17.08.2025).

3. World Economic Forum. URL: https://www.weforum.org/meetings/world-economic-forum-annual-meeting-2025/?utm_source (17.08.2025).

4. Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті. Қазақстанда әйелдерге шектеу қойылған жұмыстар тізімі жойылды. gov.kz. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/press/news/details/262368?lang=ru> (17.08.2025).

5. «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы (№ 336-VI). adilet.zan.kz. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000336> (17.08.2025).

6. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі. (2024, 21 маусым). Қазақстан Республикасында заң үстемдігін қамтамасыз ету бойынша есеп. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet/documents/details/680942> (17.08.2025).

7. Khamzina, Z., Buribayev, Y., Taitorina, B., & Baisalova, G. (2021). Gender equality in employment: A view from Kazakhstan. *Anais da Academia Brasileira de Ciências*, 93(4), e20190042. URL: <https://doi.org/10.1590/0001-3765202120190042> (17.08.2025).
8. БҰҰ Даму бағдарламасы. URL: <https://www.undp.org/kazakhstan/gender-equality> (17.08.2025).
9. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі. Kazakhstan Elected to UN Human Rights Council for 2022–2024. gov.kz. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/news/details/269720?l> (17.08.2025).
10. UN Women. (2024). Beijing+30: Ұлттық шолу – Қазақстан [Ұлттық баяндама]. UN Women. URL: https://www.unwomen.org/sites/default/files/2024-09/b30_report_kazakhstan_ru.pdf (17.08.2025).
11. Қазақстан Республикасының Қылымстық кодексі. (2014, 3 шілде). Қазақстан Республикасының Заңы № 226-V (145-бап «Адам мен азаматтың тең құқықтығын бұзу»). URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (17.08.2025).
12. «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлыққа өзгеріс енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 1 сәуірдегі № 853 Жарлығы). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000853/history>
13. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» № 790 қаулы (70–72-тармақтары Тұжырымдаманы іске асыру мониторингі тәртібін айқындайды). URL: [<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000790>] (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000790>)
14. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті. (2024). Сот статистикасы: 2020–2023 жж. әйелдердің сот органдарына жүгінуі URL: [<https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>] (<https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>)
15. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты. «Әйелдерге арналған құқықтық көмек» бөлімі. URL: <https://sud.gov.kz/rus> (17.08.2025).
16. Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты. (2024, 23 шілде). № 49-НП нормативтік қаулы. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/documents/details/695569> (17.08.2025).
17. Қазақстан Республикасының Кодексі. (2011, 26 желтоқсан). «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (№ 518-IV). URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518> (17.08.2025).
18. БҰҰ Бас Ассамблеясы. (1979, 18 желтоқсан). Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция, 16-бап 1-тармақ) (1249 U.N.T.S. 13). URL: <https://www.un.org/womenwatch/daw/cedaw/text/econvention.htm> (17.08.2025).

References:

1. Equal Future. Kazakhstan: Women's representation in politics and public administration. Qoljetimdiligi alyngan күні 1 тамыз 2025 ж. URL: <https://www.equalfuture-eurasia.org/womens-representation-in-politics-and-public-administration/kazakhstan> (17.08.2025).
2. UN Women. Kazakhstan | UN Women – Europe and Central Asia. UN Women. URL: <https://eca.unwomen.org/ru/where-we-are/kazakhstan> (17.08.2025).
3. World Economic Forum. URL: https://www.weforum.org/meetings/world-economic-forum-annual-meeting-2025/?utm_source (17.08.2025).
4. Qazaqstan Respublikasynyn Adam quyqtary jöindegі uäkiletti. Qazaqstanda äiелдерге шектеu qoiылған jumystar tizimi joiылды. gov.kz. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/press/news/details/262368?lang=ru> (17.08.2025).
5. «Sayasi partiyalar turaly» Qazaqstan Respublikasynyn Zanyна özgeris pen tolyqtyrular engizu turaly (№ 336-VI). adilet.zan.kz. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000336> (17.08.2025).
6. Qazaqstan Respublikasy Ädilet ministrliги. (2024, 21 mausym). Qazaqstan Respublikasinda zan üstemdigin qamtamasyz etu boyynsha esep. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet/documents/details/680942> (17.08.2025).
7. Khamzina, Z., Buribayev, Y., Taitorina, B., & Baisalova, G. (2021). Gender equality in employment: A view from Kazakhstan. *Anais da Academia Brasileira de Ciências*, 93(4), e20190042. URL: <https://doi.org/10.1590/0001-3765202120190042> (17.08.2025).

8. BÚÚ Damy bagdarlamasy. URL: <https://www.undp.org/kazakhstan/gender-equality> (17.08.2025).

9. Qazaqstan Respublikasynyn Syrtqy ister ministrliги. Kazakhstan Elected to UN Human Rights Council for 2022–2024. gov.kz. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/news/details/269720?l> (17.08.2025).

10. UN Women. (2024). Beijing+30: Ulttyq şolu – Qazaqstan [Ulttyq bayandama]. UN Women. URL: https://www.unwomen.org/sites/default/files/2024-09/b30_report_khazakhstan_ru.pdf (17.08.2025).

11. Qazaqstan Respublikasynyn Qylmystyq kodeksi. (2014, 3 şilde). Qazaqstan Respublikasynyn Zany № 226-V (145-bap «Adam men azamattyn teñ quqyqtygyn buzu»). URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (17.08.2025).

12. «Qazaqstan Respublikasındagy 2030 jylga deyingi otbasylyq jänegenderlik sayasat tüzirimdamesin bekitu turaly» 2016 jylgy 6 jeltoqsandagy № 384 Jarlyqqa özgeris engizu turaly (Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ 2022 jylgy 1 säuirdegi № 853 Jarlygy). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000853/history>

13. «Qazaqstan Respublikasındagy memlekettik josparlau jüyesin bekitu turaly» № 790 qaulы (70–72-tarmaqtary Tüzirimdameni iske asyru monitoringi tärtibin aiqyndaidy). URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000790>

14. Qazaqstan Respublikasy Bas prokuraturasy Quqyqtyq statistika jäne arнай esepke alu jöindegi komiteti. (2024). Sot statistikasy: 2020–2023 jj. äielderdiñ sot organdaryna jüginui. URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>

15. Qazaqstan Respublikasy Joghargy Soty. «Äielerge arналған quqyqtyq kömek» bölimi. URL: <https://sud.gov.kz/rus> (17.08.2025).

16. Qazaqstan Respublikasy Konstituciyalyq Soty. (2024, 23 şilde). № 49-NP normativtik qaulы. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/documents/details/695569> (17.08.2025).

17. Qazaqstan Respublikasynyn Kodeksi. (2011, 26 jeltoqsan). «Neke (erli-zaiptylyq) jäne otbasy turaly» (№ 518-IV). URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518> (17.08.2025).

18. BÚÚ Bas Assambleyasы. (1979, 18 jeltoqsan). Äielerge qatysty kemsitushiliktiñ barlyq nysanaryn joyu turaly konvenciya, 16-bap 1-tarmaq) (1249 U.N.T.S. 13). URL: <https://www.un.org/womenwatch/daw/cedaw/text/econvention.htm> (17.08.2025).

Для цитирования и библиографии: Құсайынқызы А. Конституциялық теңдік қағидаттары және олардың мемлекеттік гендерлік саясат аясында жүзеге асырылуы: ғылыми талдау және практикалық қырлары // Право и государство. № 3(108), 2025. – С. 38-48. DOI: 10.51634/2307-5201_2025_3_38

Материал поступил в редакцию 23.07.2025